

**Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалар тобы  
бойынша оқуға түсушілерге арналған  
АРНАУЛЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру саласы: Педагогикалық ғылымдар

Білім беру бағдарлама тобы: 6B01101-Білім топтары

**Арқалық – 2023**

## МАЗМҰНЫ

1.	Нормативтік сілтемелер.....	3
2.	Қысқартулар.....	4
3	Кіріспе.....	5
4	Педагогикалық мамандыққа қойылатын жалпы талаптар.....	6
5	Педагогикалық мамандықтарға қабылдау.....	10
6	Бағалау критерийлері.....	13
7	Арнайы емтихан сұрақтарының үлгі тізімі (педагогикалық жағдаяттар).....	13
8	Әдебиеттер тізімі.....	17

## Нормативтік сілтемелер

Осы бағдарлама мынадай нормативтік құжаттар негізінде әзірленген :

- 1.« Білім туралы » 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы;
- 2.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;
- 3.Институт Жарғысы;
- 4.Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының студенттерді қабылдау ережесі

## Қысқартулар

ҚР БҒМ- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

ЖОО-Жоғарғы оқу орны;

ҚК - қабылдау комиссиясы;

ҚК төрағасы - қабылдау комиссиясының төрағасы;

ҚК жауапты хатшысы - қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы;

ҰБТ - бірінғай ұлттық тестілеу;

## Кіріспе

Ұстаздық ету – уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ.

Шөлдеген жанға бір жұтым су берген адам жұмаққа барады дейді. Ал, мұғалімнің жеткіншек ұрпаққа берген білімі, тәлім-тәрбиесі, үлкен жүрегі, мейірімі уыстап жұтқызған өмір шәрбеті, тіршілік зәмзәмі. Сол себепті де, ол туралы «Бұл адам – Мұғалім», «Ол – Ұстаз» - деп бекер айтпаса керек.

«Әр істің өз ұстасы болады, ал әр ұстаның өз ұстазы болады», - деген сөз Ұстаз деген даналық ұғымның мағынасының қаншалықты терең екенің білу , өз еңбегін алдымен шәкіртіне, ата-анаға, халыққа арнаған және оны қоғам болып мойындаған Адам өмірі білдіреді.

Сол себепті де, педагогикалық маман, педагогикалық қызметкер болу кез -келген адамның қолынан келе бермейтін, өзіндік қиындықтары бар кәсіп.

Арнаулы емтихандарды өткізудің мақсаты. Педагогикалық мамандыққа түсу кезіндегі арнаулы емтиханның мақсаты талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтау болып табылады.

Педагогикалық жағдаятты шешу кезінде талапкерге педагогикалық тұрғыдан келетін дерек, өмірлік оқиға ұсынылады.

Нәтижені бағалау кезінде орын алған күрделі жағдайды шешуге ұсынылған тәсілдің сындарлығы мен негізділігі; жағдаят пен оның туындау салдарларында жедел жол табуы; ықпал ету нәтижелерін алдын ала пайымдай алуы есепке алынады.

Арнайы емтихан тапсырмаған жағдайда не болады?

Егер талапкер педагогикалық мамандықты қабылданбаса, онда талапкерге білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін педагогикалық мамандықты таңдауға құқығыңыз жоқ. Егер талапкер педагогикалық мамандықты таңдамаса, онда үміткерлер таңдау тақырыбын сәйкес басқа мамандықтар бойынша білім беру грантын тағайында конкурсына қатысуға құқылы.

## 1. Педагогикалық мамандыққа қойылатын жалпы талаптар

Заманауи педагогикалық талап етілетіні: педагогикалық бағыттылық, өнегелілік сапа, коммуникативтік қабілеттілік, ұйымдастырушылық қабілеттілік, перцептивтік қабілеттілік, техникалық шығармашылық.

Мектеп мұғалімі - қоғамның басты тұлғасы.

Жалпы білім беру ісін қайта құру сонымен бірге оқу-тәрбие жүйесін жаңа сатыға көтеру міндеттерін мұғалімсіз жүзеге асыру мүмкін емес, Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдірудің бағдарламалық міндеттерін шешу жас мамандардың кәсіби біліктілігіне, мәдениетіне, рухани кемелдігіне тікелей байланысты.

«Халық мұғалімі - жас өспірімнің рухани дүниесінің мүсіншісі, қоғам өзінің ең қымбаттысы, ең құндысы - балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсыратын сенімді өкілі. Осы аса ізгі және аса қиын кәсіп, бұтан өз өмірін арнаған адамнан тұрақты шығарманы, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын балаларға сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді» (Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары. Алматы, 1984ж.).

Мұғалім - адамды қалыптастыратын, адамды адам етіп тәрбиелейтін мамандық иесі. Тәрбие деген аталы ұғымның пайда болғанынан бері бұл қызметтің ең беделді әрі ең білгір адамдарға тапсырылатыны сондықтан. Осыған орай мұғалім - тәрбиешілердің еңбегіне зор мән берілген.

### *Мұғалім жөніндегі айтылған құнды ой-пікірлер.*

К. Маркс. "Ең күшті құштарлығында да, өмірдегі ең қуанышты сәттерің де - өзінді адамдарға қажетті әрі жақын екеніңді сезіне білуіңде".

Абай. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға".

Д. Писарев. "Тәрбиедегі басты мәселе - тәрбиешінің кім екендігінде".

Л. Толстой. "Егер ұстаз өз ісін де, шәкіртін де жақсы көре білсе, ол - нағыз ұстаз".

В.Белинский. "Тәрбие - ұлы іс: онымен адам тағдыры шешіледі".

Катон Старший. "Өз ісімен неге үйрететінін көрсете білген адам – нағыз ұстаз".

Джон Локк. "Бүкіл халықтың тұрмыс халі балаларды дұрыс тәрбиелеуге байланысты".

### *Мұғалімнің жеке басының үйлесімділігі*

Педагогикада мынадай аксиома бар: интеллект интелектімен ұшталады, мінез-құлық мінез-құлықпен тәрбиеленеді, жеке адам жеке адаммен қалыптасады.

Оқушылар: «Ұстаз бәрін білуге және одан да артығырақ білуге тиіс» дейді. Бұл әзілде бірталай шындық бар. Мұғалім өзі оқытатын саласындағы

ғылымды жетік білуі - қарапайым да, қажетті талап. Д.И. Менделеев былай деп жазған еді: ғылымды өзі жетік білетін, оны жақсы меңгерген және оны жақсы көретін ұстаз ғана шәкірттеріне жемісті қызмет ете алады. Өзін жақсы көрмейтін пәннен гөрі, өзін жақсы көретін пән он есе жақсы меңгеріледі, - деп есептейді тәжірибелі мұғалімдер.

Мұғалімнің жеке басындағы барлық қасиеттерінің кәсіптік мәні бар. Жақсы мұғалім - бұл ең әуелі қайғы-қуанышына ортақтасатын, парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларға ұқыпты қарайтын жақсы адам.

Мұғалім дұрысында мархабатты мамандық, Белинскийдің ойынша: тәрбие мақсаты - адамгершілік, құралы - сүйіспеншілік. Педагогикадағы адамгершілік адамдарға әрдайым риясыз пайда келтіруі, балалардың рухани және дене саулығы таза болып өсуіне жәрдемдесуі арқылы көрінеді.

Үйірсектік. Тұйық мұғалімге өзі мен шәкірті арасындағы өзара түсінісушілік пердесін ысыруы оңайға түспейді. Оларға, үйірсек мұғалімдерге қарағанда, шәкіртінің ішкі әлеміне енуі едәуір қиынға түседі.

Өзін-өзі ұстай білу. Өз эмоциясы мен сезімін меңгере білген мұғалім жоқтан өзгеге күйгелектенбейді, асығыс қорытынды мен ескертуді жасамайды, яғни орынсыз жазаламайды (тәрбиелеудің ауыр амалдары). Соңдықтан «ауыр» амалдар әлсіз педагогтарға тән деп тектен тек айтпайды.

К. Д. Ушинскийдің айтуынша, мұғалімге шексіз шыдамдылық қажет. Мұғалім оқушымен жұмыс істегенде қабылдау сергектігі мен эмоциялылығы шыдамдылықпен және өзін-өзі ұстай білуімен үйлесім табуы тиіс. Мақсатқа жетудегі табандылық. Іскер мұғалімдер өзі қойған талабынан қайтпайды. Ол: тамшы тасты өз күшімен емес, өзінің жиі таматындығымен теседі, - деген мақалдың мәнін жақсы түсінеді.

Оптимизм және әзіл. Оқушылар педагогтың өз пәнін терең меңгеруі және оқушыларды құрметтей білуінен кейінгі үшінші орынға әзілді қоятыны анықталған. Өте сыпайы, әрі орынды әзіл - тәрбие үдерісінің белсенділік катализаторы. А.С. Макаренко педагогтарға балалар ұжымында сергек, қуанышты көңіл-күй туғызу, тәрбиеленушіге «оптимистік болжамда» қарау, яғни оқушының жақсы жақтарына сену және тәрбиеде соған арқа сүйеу қажет деп үйретті.

Мұғалімнің жеке сапасымен және педагогикалық терең білімділігімен тұтасқан идеялық сенімділігі, оның кәсіби шеберлігінің берік іргетасы болып табылады. Оқытқан мұғалім емес, қайтсе де оқытқысы келетін мұғалім, - деп тектен-тек айтылмаған. Нағыз педагогта жұмыс уақыты және бос уақыт деген болмайды: ол әрқашанда балалар туралы ойлайды. Мұғалімнің мақсаткерлігі оның жеке басына тән қасиет. Педагогтарға мынадай критерий қолдануға болады: сен неге талаптанғаныңды айтсаң, онда мен сенің кім екеніңді және иқандай екеніңді айтамын.

Педагогикалық қызметтің ойдағыдай болуының қажетті шартты – баланы жақсы көру, Балаларды жақсы көрмей тұрып, оларды адамгершілік пен адалдыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Балаға салқын қарау көп жағдай олардың мінез-құлқына рақымсыздықтың, іс-әрекетіндегі теріс қылықтар пайда болуына әкеп соғады. Балаларды біреуді жақсы, ал біреуді жек көріп тәрбиелеуге болмайды. К.Крупскаяның пікірінше, мұғалімнің балаларды

жақсы көре білмеуі, онын жарамсыз маман екендігін көрсетелі.

Бала жақсы көргенді-жақсы көреді, құрметтегенді - құрметтейді, Олар әуелі өз «физигін», «математигін», «әдебиетшісін», сонан соң физиканы, математиканы немесе әдебиетті ұнатады немесе ұнатпайды. Екіншіден, шәкіртін жақсы көрген мұғалім, жұмысын да ұнатады.

Баланы жақсы көру, мұғалімнің басқа да толып жатқан қасиеттерін алмастырмайды, Керісінше, бұл қасиеттер жақсы көрумен тез үйлесіп, оның мән-мағынасын толықтыра түседі. Л. Н, Толстой былай деп жазды: «Егер мұғалім өз ісін ұната білсе, ол жақсы мұғалім болады, Егер мұғалім оқушысын, оның әкс-шешесіндей жақсы көре білсе, ол небір білімді

мұғалімнен де тандаулы ұстаз болғанымен, ісін де, оқушысын да жақсы көре білсе, ол - нағыз ұстаз».

Бұрынғылар айтқан екен: қатал болған жақсы, одан да жақсысы .қайырымдылық, бірақ ең жақсысы - әділдік.

Мұғалімнің жеке басындағы үйлесімділік көбінесе талапкершілігімен, көнбістігімен, эмоциялығымен, парасаттылығымен, сенімділігімен, сақтығымен ,қаталдығымен және жұмсақтығымен айқындалады. Мұның барлығын мұғалім ешбір жерден таба алмайды, оны іс үстінде өз мінез-құлқын тексеру арқылы ғана және үнемі өзін-өзі тәрбилеу нәтижесінде ғана тани алады.

Жоғарыда мұғалімнің жалпы әлеуметтік-педагогикалық қызметі қарастырылды, ал мұның өзі оның жеке басына қойылатын маңызды талаптарын айқындайды. Сонымен қоса олардың нақтылы педагогикалық қызметтері де оны ойдағыдай жүзеге асыру үшін белгілі бір педагогикалық қабілеттілік қажет. Олар мұғалімнің конструктивтік ұйымдастырушылық және коммуникативтік қызметін баса көрсетсе, басқалары педагогикалық қызмет жүйесіне информациялық, дамытушылық, бағдарлаушылық, ұйымдастырушылық және зерттеушілік қабілеттерін жатқызады.

Педагогикалық қабілеттілік - бұл адамның дербес – психологиялық ерекшеліктері, оның өзі педагогикалық қызметтің әдістері мен амалдарын тез, әрі терең меңгеруге мүмкіндік береді. Педагогикалық қабілеттіліктің негізгі түрлері:

-педагогикалық қызметтің тиімділік мүддесі үшін оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен және қоғамдық ұйымдармен дұрыс қарым-қатынас орната білу. Әсіресе оқушылардың ұжымымен өзара қатынасып сездірмей, бірақ әсерлі ықпал етудің, олардың өзара тәрбиесіне басшылық жасаудың айрықша маңызы бар.



- педагогикалық байқағыштық, яғни мектеп оқушылары мен оқушылар ұжымының жетілу тенденцияларын сырттай байқалмайтын белгілері бойынша көре білу қабілеті, білімдегі осалдықты, мінез-құлықтағы өзгерісті, сондай-ақ балалар бойындағы жағымды-өзгерістерді дер кезіне байқай білу, т.б.

Педагогикалық мақсаттағы қиял мұғалімге оқушының жеке басын «жобалауға» және өз еңбегінің нақты нәтижесін көрсетуге жәрдемдеседі.

Шығармашылық ізденіс еңбектің, мамандықтың барлық саласына да өте қажет, ал мұғалім үшін, ол - ұстаздық дарындылыққа жетудің жолы, педагогикалық еңбекте шешуші орын алады. Себебі, мұғалім еңбегінің объектісі - жансыз дүние емес, құрал-жабдық өндірісі де емес, өте күрделі, қарама-қайшылықты әрі нәзік тірі организм, жас ұрпақтың рухани дүниесі. Мұғалімде педагогикалық қабілет пен бейімділіктің болуы - оның еңбегінің нәтижелі болуының кепілі. Педагогикалық қабілет пен мінез-құлық қасиеттері мектептегі кезден-ақ біртіндеп көріне бастайды да, педагогикалық жоғары оқумен әрі қарай дамып жетіледі.

### ***Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеші***

Тәрбиеші - қазіргі заманғы әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі болып табылады.

Тәрбиешінің жұмысы ерте, мектепке дейінгі және мектепке алды даярлық жастағы балаларды дамыту, білім беруге және тәрбиелеуге бағытталған.

Болашақ мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу маманы жалпыға бірдей құндылықтарға бағдарланған кәсіби даярлықтың, гуманистік көзқарастардың жоғары деңгейіне ие болуы керек, кең ауқымды іргелі және тәжірибелік сабақтарды өз мамандығын жетік меңгеру үшін, алған білімдерін практика жүзінде қолдануға, педагогикалық құралдар мен мектепке дейінгі тәрбие жұмысының әдістеріне ие болуы керек.

Міне, бұл педагогикалық мамандықтың Сіз білетін бір қыры ғана.

## 2. Педагогикалық мамандықтарға қабылдау

Елімізде 2016 жылдан бастап педагогикалық мамандықтарға түсуші талапкерлер арнаулы емтихан тапсырады, Ариаулы емтиханды ЖОО қабылдау комиссиясы қабылдайды,

БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты арнаулы педагогикалық мамандықтарға емтихан өткізетін мамандықтар тізімі бар лицензия негізінде анықталады.

1) Педагогикалық мамандықтар бойынша қабылдау БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты қабылдау комиссиясы жүргізген арнаулы емтихан нәтижелерін есепке ала отырып жүргізіледі.

2) Педагогикалық мамандықтарға түсу кезіндегі арнайы емтихан түсушілердің педагогикалық қызметтерге бейімділігін анықтауға бағытталған,

3) Педагогикалық мамандықтарға түсушілерден өтініштер қабылдау және арнайы емтихан өткізу 20 маусым мен 20 тамыз аралығында БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты қабылдау комиссиясымен жүргізіледі.

4) Педагогикалық мамандықтарға түсетін тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясы жүргізетін бір арнайы емтихан тапсырады.

5) Педагогикалық мамандықтарға түсуші тұлғалар үшін, баллдары есептеле отырып тапсырылады:

- Қазақстан тарихы бойынша;
- математикалық сауаттылықтар;
- оқу сауаттылықтары (оқыту тілі);
- екі мамандық бойынша пәндер.

6) Туыстас мамандықтарға қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша жеделдетіп оқыту мерзімімен түсетін тұлғалар үшін, ұпайлары есептеле отырып тапсырылады:

- жалпы мамандық пәндері бойынша;
- маманданатын пәні бойынша.

7) Арнаулы емтихан БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты бекіткен кесте бойынша жүргізіледі.

8) Емтихан билеттерінің сұрақтары педагогикалық жағдаяттарды шешу қабілетін тексеруге ықпал жасайды.

9) Педагогикалық ахуал - бұл мұғалімнің немесе тәрбиешінің кәсіби қызметі барысында туындайтын өмірлік мән-жайлар, деректер мен оқиғалар, оларды әрі қарай шешуді талап ететін белгілі мәселелерді және психологиялық- педагогикалық жағдайларды туындатады.

10) Педагогикалық мамандықтарға түсушілер үшін арнайы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» нысанында бағаланады.

11) Дәстүрлі форматта арнаулы емтиханды тапсыру уақыты 15 минут

11.1) Әрбір емтихандық билет 3 сұрақтан тұрады.

12) Емтиханды қашықтықтан онлайн-тест форматында тапсыру уақыты

30 минут

12.1) Әрбір талапкерлер 20 тест сұрақтарына жауап береді.

12.2) 20 сұрақтың 8-не дұрыс жауап берген жағдайда «өтті» деп жазылады.

13) Емтиханды алу кезінде Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректорыме бұйрығымен арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құралады, оның құрамына төрағамен қоса емтихан мүшелері кіреді. Егер мәжілісте кемінде оның құрамының үштен екісінен бөлек, онда комиссия шешімі заңды деп саналады. Емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен шешім қабылданады. Мүшелердің дауысы тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

14) Арнаулы емтихан қабылдау кестесін комиссияның төрағасы бекітеді және институт сайты мен ақпараттық қабырғасына мәліметтерді орналастыру арқылы жеткізіледі.

15) Арнаулы емтиханға рұқсат алу үшін талапкерлерді Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты қабылдау комиссиясына алдын ала тіркелуі тиіс.

16) Арнаулы емтихан жүргізуші аудиторияға баруға рұқсат жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде жүзеге асырылады.

17) Арнаулы емтихан басталмас бұрын түсушілерге өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың және апелляция өткізуін орны көрсетіледі.

18) Арнайы емтихан өткізу кезінде түсушілер:

- тыныштық сақтаулары және өз бетінше жұмыс істеулері, емтихан алушы және басқа да қабылданушылармен сөйлеспеуі;

- емтихан материалдарымен алмасуға, көшіруге, оны дәрісханаға кіргізуге және оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, ұтқыр байланыс құралдарын пайдаланбауы тиіс;

- аудиторияда жүруге, басқа орынға ауысып отыруға рұқсат етілмейді;

- онлайн форматта тапсыру барысында жанында, бөлмесінде бөгде адамдардың және өзге дыбыстардың болмауы шарт;

- арнайы емтихан кезінде емтихан алушының рұқсатынсыз аудиториядан шығуға болмайды.

19) Арнайы емтиханды өткізу қорытындысы рұқсат беру ведомосымен, еркін нысандағы комиссия хаттамасымен толтырылып, нәтижелерін жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) табысталады. Комиссия хаттамасына төраға және барлық қатысушы оның мүшелерімен бірге қол қояды.

20) Арнайы емтихан нәтижелері емтихан өткізген күні жарияланады.

21) Арнайы емтихан нәтижелері бойынша ведомостың үзінді көшірмесі беріліп, студенттік жеке ісіне тігіледі.

22) Емтиханды өткізу кезеңінде арнайы емтиханға қойылатын талаптарын сақтау, даулы мәселелерді шешу, емтихан тапсыратын

адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты ректоры бұйрығымен оның төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

23) Апелляцияға берілетін өтінішті апелляциялық комиссиясының төрағасының атына арнайы емтиханды тапсырушы жеке тұлға атындағы арнайы емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13,00-те беріледі және апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

24) Апелляциялық комиссия шешімі оның құрамының үштен екісі мәжіліске қатысатын болса заңды болып есептеледі, Арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім катысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

Мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады, Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамамен ресімделелі, оған төраға және отырысқа қатысқан барлық комиссия мүшелері қолдарын қояды.

25) Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты: ҚР БЕМ-не арнаулы емтиханды өткізу және ұйымдастыру бойынша қорытынды есепті еркін нысанда, арнайы емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

## Бағалау критерийлері

Бағасы	Тест бойынша дұрыс жауабы	Сипаттамасы
Өтті	20 сұрақтың 8-іне және одан жоғары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Педагогикалық жағдаяттарды шешу бойынша қажетті ақпараттарды жан-жақты жүйелі әрі жағдаятты дұрыс бағалауға, мотивтерін, жағдаятты субъектілерінің мінез-құлық себептерін түсіндіруге қабілетті;</li> <li>• фактілер мен құбылыстарды бағалай талдап және біледі, оларды қорытындылап, өзінің пайымдауларын айта алу;</li> <li>• педагогикалық ұғымдарды жете ұғыну.</li> </ul>
Өтпеді	20 сұрақтың 7-іне және одан төмен	<ul style="list-style-type: none"> <li>• педагогикалық жағдаяттарды шешу бойынша маңызды ақпараттарды баяндай алмау;</li> <li>• емтихан билетгері сұрақтарына жауап беруде қателіктер жіберу; қосымша сұрақтарға жауап бере алмау</li> </ul>

### 3. Арнайы емтихан сұрақтарының үлгі тізімі (педагогикалық жағдаяттар)

№1

Берілгені: Айжанның үйінде әжесі және анасы бар Айжан әжесінің айтқан сөздерін орындайды, Ал мамасын жүре тындайды. Сен - деп қатты сөйлейді.

Сұрақ: Айжанның туган анасын сыйлимауы дұрыс па? Себебі не деп ойлайсыз?

№ 2

Берілгені: Сабақ үстінде Айжан мен Айман тыныш отырмай жан-жағындағы барлық оқушыларды қаратып отыр. Сол кезде мұғалім Айжан мен Айманды сыртқа шығарып жіберді.

Сұрақ: Мұғалімнің қолданған шарасы дұрыс па? Себебі не деп ойлайсыз?

№ 3

Берілгені: Мұғалім оқушылардан анкета алу барысында ашық жарияланбайды деп ескертті. Кейіннен анкета жауаптарын оқу кезінде жауаптарын ортаға салып, өзара талқылады. Бұл оқушылардың мұғалімге деген сенімін жоғалтты.

Сұрақ: Бұл жерде мұғалімнің іс-әрекетін қалай түсінуге болады?

№ 4

Берілгені: Алмастың маскүнем әкесі оның көзінше анасын жәбірлейді. Ол бейнелеу өнері сабағында сүйкімсіз адам бейнесін салды. Тәрбиешінің «Бұл кім?» деген сұрағына, ол өз әкесін салғанын жасырып, жалтарып жауап берді. «Бұл маскүнем, арақ ішу жаман» деді.

Сұрақ: Алмастың мінез-құлқындағы негізгі ниетті анықтаныз?

№ 5

Берілгені: Қайрат 11-сынып оқушысы отбасында жалғыз балаболғандықтан ерке өскен. Сабаққа қаласа барады, қаламаса бармайды. Ата-анасын тыңдамайды.

Сұрақ: Осы баламен қалай жұмыс жасау керек?

№ 6

Берілгені: Мұғалім математика пәнінен бақылау алды. Алмас жанындағы Айгүлден көшірді. Мұғалім оны байқады бірақ ештеңе демеді. Келесі күні мұғалім бақылаудың қорытындысын айта келіп, Алмасқа «бес», Айгүлге «үш» деді. Айгүл тұрып, Алмас менен көшірді, неге оған «5», маған «3» қоясыз деді. Сонда мұғалім «Сен оған көшірткенің үшін саған бағаны солай қойдым» деді.

Сұрақ: Оқушыларды мұғалім дұрыс бағалады ма?

№ 7

Берілгені: Сабақта сіз лекция оқып жатырсыз, соңғы қатардағы студенттер партадан бас көтермей жатып алған, сіз бір-екі рет ескерттіңіз олар тыңдамады.

Сұрақ: Студенттердің іс-әрекеті дұрыс па?

№ 8

Берілгені: Сабақта бір студент сабақ айтып жатыр, сұрақ қойып едіңіз қате жауап берді, бірақ ол сізді елемеді деп тұр. Сіз үндеместен екінші сұрақты қойдыңыз тағыда жалған жауап берді.

Сұрақ: Сіз не істейсіз қатесін айтпай бағалай бересіз бе? Әлде басқа шара қолданасыз ба?

№ 9

Берілгені: Сіз студенттермен қызықты тақырыпта сабақ өтіп жатыр едіңіз, кенеттен бір студент сабаққа кешігіп сіздің сабағыңызды бөлді. Ол өзінің кешігіп келгенін сезініп тұрған жоқ, орнына рұқсатсыз отырып, достарымен амандасып, сабақтың шырқын бұзып, сіздің бар екенізді елепте тұрған жоқ.

Сұрақ: Сіз осындай жағдайда не істер едіңіз?

№ 10

Берілгені: Емтихан кезі сіз барынша дайыдалып, емтиханға кіріп шықтыңыз. Қасындағы студент еш дайындықсыз кіріп шықты. Емтихан нәтижесін қарасаңыз әлгі студенттің ұпайы сіздікінен жоғары.

Сұрақ: Сіз осыдан кейін не істер едіңіз? Сіздің ұпайыңыз неге аз екенін далелдейсіз ба?

№ 11

Берілгені: Сабағыңызда бір топта бірге оқитын ерлі-зайыпты студенттер ұрысып қалды, Сабақ үстінде бір-біріне дауыс көтеріп жатыр.

Сұрақ: Сіздің іс-әрекетіңіз?

№12

Берілгені : Айна бүгін тобындағы қыздармен ренжісіп үйге көңілсіз қайтты. Сол күннің ертесіне ауырып , сабаққа бір - екі күн бара алмады . Бірақ оны тобындағы қыздардың ешқайсысы іздеп келмеді . Айна қыздардың келмегеніне алаңдады

Сұрақ : Топтағы қыздардың қарым - қатынасының жақсаруына қандай кеңес беруге болады ?

№13

Берілгені: Оқушының оқудағы жетістіктеріне көңіл толмайды, өзінің икемділігімен күмәнданады, оқу материалын түсініп, игеріп алатындығына көзі жетпейді, ол мұғалімге: Сіз қалай ойлайсыз, мен қашан да болсын сыныптастарымнан қалмай жақсы үлгеріп, оқып кете аламын ба ? - дейді

Сіздің жауабыңыз?

Жауап нұсқалары:

- 1) Сенің икемділігің өте жақсы, мен саған үлкен сенім артамын
- 2) Қане отырып әнімелесіп, мәселені шешейік.
- 3) Әрине, бұл туралы сен күмәнданбасаң да болады.

Жауабыңыздың себебін дәйектеңіз.

№14

Берілгені: Сабаққа кіруге қоңырау соғылды. 8-сынып оқушылары кабинеттің алдында оқытушыны күтіп тұр. Кабинет жабық. Оқытушы келіп, кілтпен есікті ашайын десе, кілттің орны қағазбен бітелген. Оқытушы оқушыларға күмәнді көзқараспен қарап шығып: «Бұл кімнің ісі, осылайша сабаққа кедергі жасайын дедіңдер ме?» - деп өзінің наразы көңілін білдірді. Оқушылар сасып қалды, қарсыласайын деп еді, оқытушы тыңдамай одан әрі дауыс көтеріп кінәлай берді. Осы сәтте директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары келіп: «Жамал Бектасқызы, кешіріңіз сәл кешігіп қалдым. Мен сізге басқа кабинет ашып берейін, себебі бұл кабинет сырланған еді, бөгде адам кірмеуі үшін мен кілт орнын әдейі қағазбен бітеедім» деді.

Сұрақтар:

- 1) Неліктен шиеленіс пайда болды?
  - 2) Шиеленісті болдырмауға болатын ба еді?
  - 3) Осындай жағдаяттардың дұрыс шешімін табу үшін, оқытушы қан сапаларды игеру керек?
- Бұл жағдайда сіздің әрекетіңіз.

#### №15

Берілгені: Оқушы мұғалімге өтініш айтады: «Мен Сіздің басқа оқушыларға карағанда маған жақсы карауыңызды сұраймын, өйткені мен басқалардан жақсы оқимын». Мұғалім оқушыға танданыспен карап оған ол үшін барлық оқушы бірдей деп жауап қатты.

Сұрақ: Сіз бұндай жағдайда қандай әрекет жасар едіңіз (қандай әрекет жасайсыз, не жасайсыз, не айтасыз және т.б.) және неліктен?

#### №16

Берілгені: Айгерімнің еске сақтау қабілеті жақсы және кез келген тақырыпты, өлеңді, ақпаратты оңай есіне сақтап алады. Мерекелік кешті өткізу кезінде ол өзіне берілген рөлді орындайды және басқа балалардың ролдерін де орындауға араласып, басқалардың өздерін көрсетуге кедергі жасап, мерекенің өту барысын бұзады.

Сұрақ: Мұндай жағдайға қалай ықпал жасауға болады? Сіз мұндай жағдайда қалай әрекет жасар едіңіз? Өз әрекетіңізді дәлелдеңіз.

#### №17

Берілгені: Қоғамдық көлікте бір адамның жанында отырған жолаушыадамның сөмкесінен әмиянын алғысы келіп отырғанының куәсі болады. Мұндай жағдайға қалай ықпал жасауға болады? Сіз мұндай жағдайда қалай әрекет жасар едіңіз? Өз әрекетіңізді дәлелдеңіз.

#### №18

Берілгені: Серуендеу кезінде балалар құмда ойнап отырып абайсызда Азаматтың күртесін лаптап алды, бұған ол қатты ренжіді. Азаматтың ойынш балалар оны әдейі жасады. Ол қолайлы сәтті күтіп, балаларға қарай бір уыс дымқыл құмды шашып жіберді. Балалардың ренішінде шек болмады.

Мұндай жағдайға қалай ықпал жасауға болады? Сіз мұндай жағда екет жасар едіңіз? Өз әрекетіңізді дәлелдеңіз.



## Әдебиеттер тізімі

1. Кан-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении,-М. Просвещение, 1987,-190с.
- 2 Мамандыққа кіріспе, Рубинский Л.И., Кан-Калик В.А. Гришии Д.М.б. Алматы: Ана тілі, 1990.-208 б.
- 3 Мамандыққа кіріспе. Пошаев Д.Қ. шымкент:М.Әуезов атындағы ОҚМУ.2004.112 бет.
4. Психология және адам дамуы. Оқулық.-Алматы, 2017 ж. Р.С.
- 5.Рожков М. И., Байбородова Л. В. Мектепте тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыру. - М.: ВЛАДОС, 2000. - 256 б.
- 6 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері /қайта өңделген. - Алматы, 2004,
7. КішібаеваД.Ж. Педагогикалық жағдаяттар. Педагогика, бастауыш оқыту әдістемесі мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы.Түркістан 2012. 32-бет.
- 8.Программа педагогикалық мамандықтарға түсуші талаптанушыларға арналған арнайы емтихан бағдарламасы., 2021ж
- 9 Жас ерекшелік педагогикасы. Оқу құралы. - Түркістан, 2017. С.У.Паштанов
10. Жалпы педагогика. Оқу құралы. Түркістан, 2017. А.Қ. Рысбекова
11. Жалпы педагогика. Оқу құралы. Алматы, 2017. Г.Г. Еркибаева  
[http: // emirb.org/programma-pedagogikali-mamanditarfa-tsushi-talaptanushilarfa-a.html](http://emirb.org/programma-pedagogikali-mamanditarfa-tsushi-talaptanushilarfa-a.html)